

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет атқаруы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 қаңтардағы N 73 қаулысының ;

"Ішкі істер органдарының кадрында тұрған және арнаулы әскери атағы бар Қазақ республикалық "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамы қызметкерлерінің қызмет атқару тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 қазандағы N 861 қаулысының ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 39, 591-құжат) 2-тармағының екінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 27 желтоқсандағы

N 1644 қаулысымен

Бекітілген

**Ескерту. Мәтіндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

# Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы

## I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің (бұдан әрі - ішкі істер органдарының қызметкерлері) қызмет атқару тәртібін, олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1644 қаулысымен.**

2. Ішкі істер органдарының қызметінде немесе кадрында тұратын, белгіленген тәртіппен арнаулы атақтар берілген адамдар, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясының әскери қызметшілері ішкі істер органдарының қызметкерлері болып табылады. Оларға жеке бастары мен өкілеттіліктерін куәландыратын белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктер мен жетондар беріледі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

3. Ішкі істер органдарының қызметінде немесе кадрында тұратын адамдарға мынадай арнаулы атақтар беріледі:

қ а т а р д а ғ ы    қ ұ р а м

қатардағы милиционер;

к і ш і    б а с ш ы    қ ұ р а м

полиция кіші сержанты, полиция сержанты, полиция аға сержанты, полиция старшинасы;

о р т а    б а с ш ы    қ ұ р а м

полиция кіші лейтенанты, полиция лейтенанты, полиция аға лейтенанты, полиция капитаны, ішкі қызмет капитаны;

а ғ а    б а с ш ы    қ ұ р а м

полиция майоры, полиция подполковнигі, полиция полковнигі;

ж о ғ а р ы    б а с ш ы    қ ұ р а м

полиция генерал-майоры, полиция генерал-лейтенанты.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

4. Ішкі істер органдарына қызметке ұлтына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, діни көзқарасына қарамастан өздерінің іскерлік, жеке және

адамгершілік қасиеттері, білімі мен денсаулық жағдайы бойынша қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті, 18 жасқа толған және 40 жастан аспаған (қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына - 32 жастан аспаған) Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады. Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында оқуға орта білімі бар, 18 жасқа толмаған адамдар қабылдана алады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына қабылдаудың тәртібін тиісті түрдегі Оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес министр белгілейді.

Бұрын ішкі істер органдарынан босатылған және қызметке қайта қабылданатын азаматтар үшін жас шектеулері, осы Ереженің 13-тармағының талаптарына сүйеніп белгіленеді. Ерекше жағдайларда, жекелеген тәртіппен, министрдің шешімі бойынша ішкі істер органдарына қызметке Қазақстан Республикасының 40 жастан асқан азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылданушы азаматтар қызметке жарамдылығын анықтау үшін, міндетті түрде ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының медициналық куәландыруынан өтеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

#### 5. Ішкі істер органдарына:

а) белгіленген тәртіппен әрекет жасауға қабілетсіз немесе әрекет жасау қабілеті шектеулі деп танылған;

б) сотпен белгілі бір мерзімнің ішінде мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған;

в) өзінің мәртебесін және соған негізделген беделін жеке басының, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға алып келуі ықтимал әрекеттерге жол бермеу мақсатында өзіне заңмен белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

г) қызметке орналасар алдындағы екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған;

д) қызметке орналасар алдындағы бір жыл ішінде қасақана құқық бұзғаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

е) қызметке орналасуға дейінгі үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

ж) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

з) бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтауға болмайтын негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен б о с а т ы л ғ а н ;

и) алкоголизммен немесе нашақорлықпен созылмалы науқас ретінде денсаулық сақтау және ішкі істер органдарында есепте тұратын;

к) науқасы бойынша мерзімді әскери қызметтен босатылған және әскери комиссариатта әскери саптық қызметке жарамсыз не шектеулі жарамды ретінде е с е п т е т ұ р а т ы н ;

л) осы Ереженің 4 және 6-тармақтарында көзделген талаптарға жауап бермейтін адамдар қабылданбайды.

Көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе бұрмалау ішкі істер органдарына қызметке қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 ( ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Ішкі істер органдары қатардағы және басшы құрамының лауазымдары қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жеке келісім-шарттар жасасу жолымен, сондай-ақ лауазымға тағайындау арқылы атқарылады.

Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына кемінде орта білімі бар және мерзімді әскери қызмет атқарған азаматтар, сондай-ақ қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдыру құқығы бар азаматтар қабылданады. Бұл ретте олар жергілікті әскери басқару органдарына растайтын құжаттар ұсынған жағдайда әскери есептен шығарылады және Ішкі істер органдарына арнаулы есепке беріледі. Қажет болған жағдайларда қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдары Қарулы Күштердің запасында тұрмаған әйелдермен жасақталуы мүмкін.

Орта басшы құрамның лауазымдарына және арнаулы орта, жоғары білімі бар немесе жоғары оқу орындарының соңғы курстарында оқитын азаматтар қабылданады (қызметкерлер тағайындалады). Ерекшелік ретінде жедел қызмет

және арнаулы мақсаттағы бөлімшелерге орта басшы құрамның лауазымдарына Министр бекіткен бағдарлама бойынша арнаулы курстарды бітірген, орта білімі бар азаматтар қабылдана алады.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын шақыру жасындағы азаматтар орта аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына жоғары білімі болған жағдайда ғана қабылдана алады. Көрсетілген азаматтар, оларды орта және аға басшы құрамның лауазымдарына аттестациялағаннан және жергілікті әскери басқару органдарына растау құжаттарын ұсынғаннан кейін әскери есептен шығарылады және ішкі істер органдарына арнаулы есепке беріледі.

Аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына жоғары білімі бар азаматтар қабылданады (қызметкерлер тағайындалады).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , өзгерту енгізілді - 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

7. Ішкі істер органдарында қызмет атқаруға үміткерлерді іріктеудің тәртібі мен шарттарын, шарт (контракт) жасауды министр айқындайды. Шартта (контрактіде) оның істеу мерзімі, тараптардың міндеттемелері тараптардың алған міндеттемелерін орындамауына байланысты заңды салдарлары, оның мерзімін ұзарту немесе қайта жасау мен өзге де шарттары көзделуі тиіс.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар олардың мәртебесін және соған негізделген беделін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға әкеліп соқтыратын іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында өздеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер қабылдайды. Аталған шектеу жазбаша нысанда көрсетіледі. Шектеуді қабылдау қызметке қабылдаудан бас тартуға, одан босатуға әкеп соқтырады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

8. Ішкі істер органдарының қызметіне қабылдау, мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын ала сұрау салу және азаматтардың арнаулы тексеруден өту шарттары арқылы жүзеге асырылады .

9. Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау министрі берген құқықтарына сәйкес тиісті ішкі істер органдары немесе бөлімшелері бастығының бұйрықтарымен ресімделеді. Бұйрық қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қол қойдыру арқылы жарияланады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

10. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының лауазымына тағайындалған немесе кадры қатарына алынған әскери міндеттілер, ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, белгіленген тәртіпте әскери есептен шығарылады және ішкі істер органдарының арнаулы есебінде тұрады.

11. Ішкі істер органдарына қатардағы, кіші және орта басшы құрам лауазымдарына алғаш рет түскен адамдар кадрға есепке алынғанға дейін Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында арнайы алғашқы оқудан және тағылымдамадан өтеді, олар үшін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

Арнайы алғашқы оқудан, тағылымдамадан және сынақ мерзімінен өту тәртібі мен шарттарын Министр белгілейді.

Конкурстық іріктеуден өткен және арнайы алғашқы оқуға қабылданған адамдарды ұстау тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.11.02 . N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12. Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына оқуға түсетін адамдар, сондай-ақ ішкі істер органдарының қаражаты есебінен оқуға ақы төлей отырып, Ішкі істер министрлігінің жолдамалары бойынша шет мемлекеттердің ішкі істер органдарының жоғары оқу орындарына түсетін адамдар оқу орнындағы оқу мерзіміне және бір мезгілде оқу орнын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери қызметшілер, орта және аға басшы құрам лауазымдарында күнтізбелік есеп бойынша бес жылға қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасады. Келісім-шартта тараптардың (оқуға түсетін адамның және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының) өзара міндеттемелері мен жауапкершіліктері белгіленеді. Келісім-шарт ішкі істер органдарының оқу орнына қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімінен кейін жасалады. Келісім-шарттың нысанын, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілейді. 18 жасқа толмаған адамдармен келісім-шарт жасалған жағдайда, олардың ата-аналарының асырап алушыларының немесе қамқоршыларының келісімі қажет.

Ішкі істер органдарының қызметкері Ішкі істер министрлігінің оқу орнын бітіргеннен кейін ішкі істер органдарында әрі қарай қызмет өткеруден бас тартқан не келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда ол оны оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай үлесіне жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға тиіс сома келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейінгі әрбір толық қызмет атқармаған айға пропорционалды түрде е с е п т е л е д і .

Шақырылу жасына жеткен және сабаққа үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі бойынша, сондай-ақ өз еркімен оқудан шығарылған Ішкі істер министрлігінің оқу орындары күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары), егер оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтемесе, әскери есепке қою үшін тұрғылықты жері бойынша әскери басқару органдарына жіберіледі. Олар мемлекетке оларды оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай үлесіне жұмсалған бюджет қаражатын өтеуге міндетті. Ұсталуға тиіс сома оқу орнында болған әрбір толық айға пропорционалды түрде е с е п т е л е д і .

Бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өндіріп алу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына күндізгі оқу бөліміне қабылданған адамдар әскери есептен шығарылады және ішкі істер органдарында арнайы есепке алынады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының кәсіби орта, кәсіби жоғары білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқудың толық курсы бітірушілер үшін оқу уақыты мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кәсіби жоғары және орта оқу орындарының, өзге де мемлекеттердің ішкі істер органдары оқу орындарының түлектері бөлуге сәйкес қызмет өткеруге жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары диплом алдындағы практикадан өту үшін ішкі істер органдарына жіберген курсанттар (тыңдаушылар) практикадан өту кезеңінде лауазымға тағайындалады.

Күндізгі адъюнктураға тікелей Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарын бітірісімен қабылданған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тиісті кафедраның оқытушысы жалақысының



70%-ы мөлшерінде лауазымдық жалақы, сондай-ақ арнаулы атағы үшін қосымша а қ ы т ө л е н е д і .

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кәсіби жоғары және орта оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) жазғы каникулдық демалысын өткізу орнына автомобиль, темір жол және су көлігімен баруға және кейін қайтуға жол жүру құны төленеді.

Ішкі істер органдарының кәсіби жоғары білімі бар қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарында екінші кәсіби жоғары білім алуына болады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , жаңа редакцияда - 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдар 45 жасқа дейін ішкі істер органдарының қызметінде бола алады.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар мынадай жас шегіне дейін ішкі істер органдарына қызметте болады:

полиция кіші лейтенанттарынан бастап
полиция подполковниктеріне дейін
қоса алғанда - 45 жас
полиция полковниктері - 53 жас
полиция генерал-майорлары, полиция
генерал-лейтенанттары, - 58 жас

Қажет болғанда қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың келісімімен қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындау құқы берілген бастықтар, олардың қызмет өтеу мерзімін бес жылға дейін ұзартуы мүмкін.

Ерекше жағдайларда, тиісті лауазымдарға тағайындау құқығы бар басшының шешімі бойынша аға басшы құрамдағы адамдардың осы мерзімі жоғарыда айтылған тәртіппен қайтадан бес жылға дейін, ал ғылыми дәрежесі немесе атағы бар кейбіреулерінікі - он жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Қызмет өткеру мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу кезінде, қызметкерлер міндетті түрде олардың қызмет атқаруға жарамдылығын анықтау үшін медициналық комиссияға жіберіледі.



Қызметте қалдыру мерзімін ұзарту туралы шешім қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың осы Ережемен көзделген негіздер бойынша ішкі істер органдарынан босатылу мүмкіндігін жоймайды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

14. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының жоғары білікті ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы уәкілетті органы берген тиісті дипломы болған жағдайда, ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелері үшін және ғылым кандидатына бір айлық ең төменгі жалақы мөлшерінде және ғылым докторларына екі айлық ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

15. Кәсіптік даярлық деңгейіне және мамандығы бойынша дербес жұмыс істеу стажына қарай, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілеген тәртіпте кластық біліктілік берілуі мүмкін.

16. Ішкі істер органдарында министр белгілеген тәртіпте және шартпен, мамандықтарды (лауазымдарды) немесе уақытша орнында жоқ қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың міндетін қоса атқаруға рұқсат етіледі.

17. Ішкі істер органдарындағы қызметті тоқтату үшін мыналар негіз болып т а б ы л а д ы .

а) ішкі істер органдарынан босату;

б) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату;

в) ішкі істер органдарының қызметкерін белгіленген тәртіпте хабар-ошарсыз к е т к е н д е п т а н у ;

г) ішкі істер органдары қызметкерінің қайтыс болуы (қаза табуы).

18. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың соғыс уақытында қызмет өткеру тәртібі заңмен белгіленеді.

## **II. Құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

19. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдермен, антпен , жарғылармен, ішкі істер органдары басшыларының бұйрықтарымен, сондай-ақ о с ы Е р е ж е м е н б е л г і л е н е д і .

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

20. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік актілеріне сәйкес ант қабылдайды.

21. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Республиканың бүкіл аумағында, атқаратын лауазымына және ведомство ішіндегі бағыныстылығына, уақытына қарамастан, азаматтар мен лауазымды адамдар оларға құқық бұзушылық туралы хабарласа немесе өтініш жасаса немесе мұндайды тікелей өзі көрсе, құқық бұзушылықтың алдын алу мен құқық бұзушыларды ұстау және көмек қажет ететіндерге жәрдем мен оқиға болған орынды күзету, сондай-ақ жақын жердегі ішкі істер органына хабарлау үшін өзіне берілген барлық құқықтарды толығымен пайдалануға міндетті.

22. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген мөлшерлерде және нормалар бойынша ақшалай ұстауды және өзге де үлес түрлерін алады, сондай-ақ ақысыз негізде, үлгілерін қатардағы және басшы құрам үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал әскери-тергеу органдары мен әскери полицияның әскери қызметшілері үшін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін нысанды және арнайы киім-кешекпен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен зейнеткерлеріне, 1992 жылғы 14 ақпанда Минск қаласында қол қойылған " Әскери қызметшілердің, әскери қызметтен босаған адамдардың және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктері туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген әскери қызметшілерге арналған салық жеңілдіктері қолданылады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қалауы бойынша оларға нысанды және арнайы киім-кешектің орнына ақшалай өтемақы төленуі мүмкін.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

23. Қатардағы және басшы құрамның адамдарын зейнетақымен қамтамасыз ету қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

2 4 . < \* >

Ескерту. 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Ескерту. 25-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

Ескерту. 26-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

27. Қатардағы және басшы құрамның адамдары ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарында, басқа да жоғары және арнаулы орта, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі оқу орындарының күндізгі, сырттай, кешкі факультеттерінде (бөлімдерінде) және қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстарында оқи алады.

Оқуға жіберу осы біліктіліктегі мамандарға қажеттілікке сәйкес ішкі істер органы басшысының рұқсатымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

28. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қатарындағы жүкті әйелдер мен аналар, сондай-ақ анасыз (ол қайтыс болған, ата-аналар құқығынан айырылған, ұзақ мерзімде емдеу мекемесінде болған жағдайда және басқа аналық қамқорлығы болмаған жағдайларда) бала тәрбиеленуші ішкі істер органдарының қызметкерлері - әкелер, қолданылып жүрген заңдармен осы санаттағы адамдар үшін белгіленген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

29. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар тиісті республикалық және жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен, қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес міндетті түрде жеке сақтандырылуы тиіс.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

30. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мен олардың отбасы мүшелерінің өмірін, денсаулығын, абыройы мен намысын, мүлкін қылмысты қол сұғудан қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделеді.

Қызметтік міндетін атқаруына байланысты қатардағы немесе басшы құрамдағы адамдарға келтірілген мүліктік зиян белгіленген тәртіпте өтеледі.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

31. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ зейнеткерлікке шығарылған ішкі істер органдарының зейнеткерлері Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігінің медициналық мекемелерінде тегін емделуге құқылы.

Қатардағы және басшы құрам адамдарының қызмет немесе тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдары жүйесінің медициналық мекемелері болмаған кезде немесе оларда тиісті бөлімшелер, қажетті мамандар не арнаулы жабдықтар болмаған кезде, сондай-ақ шұғыл жағдайларда оларға медициналық көмек Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетіледі.

Қызметтік борышын немесе қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен немесе сырқаттанған қатардағы және басшы құрамның адамдарын емдеуге жұмсалған қаражатты ішкі істер органдары, заңнамада белгіленген тәртіппен ө т е й д і .

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

3 2 . < \* >

Ескерту. 32-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

33. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органдарындағы қызметте болған уақыты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес, олардың жалпы және үздіксіз еңбек стажына, сондай-ақ мемлекеттік қызмет стажына есептеледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

34. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар үшін жұмыс уақытының ұзақтығы еңбек туралы заңға сәйкес белгіленеді.

Қажет болған жағдайда қатардағы және басшы құрамдағы адамдар белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан тыс, сондай-ақ түнде, апталық демалыс күндері мен мереке күндері қызметке тартылуы мүмкін.

Ұзақтығы белгіленген жұмыс уақытынан тыс жұмыс істегені үшін және апталық демалыс күндері мен мерекелік күндері жұмыс істегені үшін ақы төлеу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі немесе Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілеген тәртіпте басқа демалыс күндері б е р і л е д і .

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

35. Ішкі істер органдарындағы, сондай-ақ оқу орындарындағы (оқу бөлімшелеріндегі) ішкі тәртіпті әртүрлі қызметтер мен бөлімшелердің қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, олардың басшылары белгілейді.

36. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар өздерінен кәсіптік, әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қызмет жасайтын қоғамдық бірлестіктер құра алады.

Ішкі істер органдары жүйесінде саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктер құруға рұқсат етілмейді.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай болғанда да саяси партияларды қолдануға тиіс емес.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандат пен басқа да ақы төленетін лауазымдармен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшылық органының немесе бақылаушылар кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ереуілдер ұйымдастыру мен оларды өткізуге және қатысуға тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей көзделмесе, аталған нормаларды бұзғаны үшін, қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ішкі істер органдарынан шығарылуға дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

**Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

37. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар сондай-ақ:

а) осы Ережеге сәйкес - тәртіп бұзғаны, функционалды міндеттерін орындамағаны үшін;

б) материалдық шығын келтіргені, әкімшілік құқық бұзғаны, қылмыс жасағаны үшін - қолданылып жүрген заңдарға сәйкес материалдық-әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылады.

38. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде тек тікелей және төте бастықтарына бағынады.

Тікелей және төте бастықтар қарамағындағыларға қауіпсіз қызмет жағдайын қамтамасыз етуге, қызмет бабында өсуге, білім деңгейі мен мәдениетін арттыруға, өзіндік дамуына, қоғамдық және отбасылық міндеттерін орындауға әрі демалуына нақты мүмкіндіктер жасауға міндетті.

39. Тікелей бастықтар мен ішкі істер органдарының басқа лауазымды адамдары осы Ереже мен қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет атқаруына және кадрлармен жұмыс істеу мәселелері жөніндегі басқа да

нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұлжымай сақталуына дербес жауап береді. Қатардағы немесе басшы құрамдағы адамдардың бұзылған құқығы кідірмей қалпына келтіріледі, ал осындай құқық бұзуға жол берген, кінәлі лауазымды адамдар, соның ішінде заңмен белгіленген жағдайларда материалдық зиянды өтей отырып, жауапқа тартылады.

**Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

40. Қызметтен заңсыз босатылған немесе лауазымы мен атағы төмендетілген қатардағы және басшы құрамдағы адамдар бұрынғы немесе оған тең дәрежелі лауазымға қайта қабылданады және атағы қайтарылады. Адамдарды қызметке қайта қабылдау (лауазымы мен атағын қайтару) егер ол адамның қызметтен шығарылуы мен лауазымы, атағы төмендетілуінің заңсыздығы туралы шешім қабылданған сәттен бастап, үш ай ішінде өтініш жасалса, ол сол күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірілмей қалпына келтіріледі. Заңсыз босатылуына, лауазымы мен дәрежесінің төмендетілуіне байланысты амалсыздан жұмысқа шықпаған уақыты, ішкі істер органдарындағы қызмет стажына (күнтізбемен есептегенде) және арнаулы атағы бойынша еңбек сіңірген жылдарына қосылады. Бұл ретте оларға жұмысқа себепсіз шықпаған уақыты үшін материалдық шығыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ө т е л е д і .

Тергеу органдарының қаулылары, істердің ақтайтын себептер бойынша тоқтауы, соттың заңды күшіне енген ақтау үкімі, шешімі не жұмыстан босату, лауазымын немесе атағын төмендету туралы шешім қабылдаған немесе оларға тең және жоғары бастықтар шығарған қызметтік тексерудің нәтижелері бойынша қорытынды ішкі істер органдарындағы қызметін, лауазымын, арнаулы атағын қалпына келтіру үшін негіз болып табылады.

**Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

41. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, арнаулы құралдар мен атыс қаруын ұстау, сақтау және қолдану, күш жұмсау, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдану құқығы беріледі. Арнаулы құралдар мен тәсілдерді, қаруды қолданғанда келтірілген зиян үшін, егер олардың іс-әрекеттері заңдарға сәйкес болса, олар жауапкершілікке тартылмайды.

42. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға еңбек заңдары, ол "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Ережеге қайшы келмейтіндей дәрежеде қолданылады.

**Ескерту. 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**



### III. Арнаулы атақтар

Ескерту. III-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

43. Қатардағы және басшы құрамның арнаулы атақтары ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданған адамдарға біліктілігі, білімі, қызметке көзқарасы, еңбек сіңірген жылдары және атқаратын штаттық лауазымы, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да шарттар ескеріле отырып жеке өзіне, сабақтас түрде беріледі.

Сабақтастығына қарай арнаулы атақтар алғашқы және кезекті болып бөлінеді. Бұл орайда полиция, арнаулы атағының берілуі атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген арнаулы атаққа сәйкес болуға тиіс.

Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын (алғашқы және кезекті) қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындау құқығы берілген бастықтар береді.

Орта және аға басшы құрамның алғашқы арнаулы атақтарын беруді және Ішкі істер министрлігінің кадрларына қабылдауды Министр жүргізеді.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

44. Басшы құрамның кезекті арнаулы атақтары, осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, кезекті атақ атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атаққа сәйкес болған жағдайда және арнаулы атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткен соң жүйелі сабақтас түрде беріледі.

Аға басшы құрамның-полиция полковнигі кезекті арнайы атағын беруге ұсынылған қызметкерлерінің атқаратын лауазымында кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

Қарамағындағы қызметкерді кезекті арнаулы атақ беруге ұсынуды негізсіз кешіктірген ішкі істер органының бастығы тиісті жауаптылықта болады.

Кезекті арнаулы атақ берудің осы Ережеде көзделмеген қосымша шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

полиция қатардағы қызметкері атағында - 3 ай;



полиция кіші сержанты атағында - 1 жыл;  
полиция сержанты атағында - 2 жыл;  
полиция аға сержанты атағында - 3 жыл, ішкі қызмет прапорщигі атағында - 5  
ж ы л .

Полиция старшинасы атағында еңбек сіңірген мерзімі белгіленбейді.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

45. Орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарында еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

полиция кіші лейтенанты атағында - 1 жыл;  
полиция лейтенанты атағында - 2 жыл;  
полиция аға лейтенанты атағында - 3 жыл;  
полиция капитаны атағында - 4 жыл;  
полиция майоры атағында - 5 жыл;  
полиция подполковнигі атағында - 5 жыл.

Полиция лейтенанты, ішкі қызмет аға лейтенанты алғашқы арнаулы атағы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарын, сондай-ақ басқа да жоғары оқу орындарын бітірген бойда берілген және ішкі істер органдарында, оқу орнында алған немесе тектес мамандық бойынша қызмет өткеріп жатқан қызметкерлер үшін полиция лейтенанты атағында еңбек сіңіру мерзімі 1 жыл болып белгіленеді.

Полиция полковнигі, сондай-ақ жоғары басшы құрамның атақтарында еңбек сіңіру мерзімі белгіленбейді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), алтыншы абзацы өзгеріссіз қалдырылды - 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

46. Полиция кіші лейтенанты алғашқы арнаулы атақтары: қатардағы және басшы құрамның лауазымдарында тұратын, Министр бекіткен бағдарлама бойынша ішкі істер органдарының арнаулы курстарын, басқа да мемлекеттік органдардың арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қызметкерлерге; қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарында тұратын, жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарының соңғы курстарында оқып жүрген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қызметкерлерге; арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның

лауазымдарына тағайындалған азаматтарға беріледі.

**Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

47. Полиция лейтенанты арнаулы атақтары:

полиция кіші лейтенанттарына арнаулы атақта еңбек сіңірудің осы Ережеде белгіленген мерзімі өткен бойда, ал жоғары оқу орындарын бітіргендерге - бұл атақта еңбек сіңіру мерзіміне қарамастан;

қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтары бар, жоғары оқу орындарын не Ішкі істер министрлігінің арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қызметкерлерге;

Ішкі істер министрлігінің жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарын күндізгі оқу нысаны бойынша бітірген қызметкерлерге;

жоғары білімі бар және орта немесе аға басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға беріледі.

**Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

48. Орта және аға басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын:

полиция майорына дейін қоса алғанда - комитеттердің төрағалары, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және республика астанасындағы, көліктегі Ішкі істер департаменттерінің, Ішкі істер министрлігі "жүйесінің" жоғары және арнаулы орта оқу орындарының бастықтары;

полиция полковнигіне дейін қоса алғанда - Министр береді.

Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

**Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

49. Ішкі істер министрлігі оқу орындарының тыңдаушыларына, адъюнктері мен докторанттарына, сондай-ақ оқу ақысын мемлекет қаражаты есебінен төлей отырып, Ішкі істер министрлігінің жолдамалары бойынша шет мемлекеттер ішкі істер органдарының оқу орындарында оқитындарға орта және аға құрамның кезекті арнаулы атақтар, оқуға түскеннен кейін енгізілген осы лауазымдар бойынша штаттағы арнаулы атақтарға өзгерістер ескерілместен, олар оқуға түскенге дейін атқарған штаттық лауазымдарына сәйкес, тиісті арнаулы атақтарда еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі аяқталған бойда; кезекті арнаулы атақтар қызметкерлер оқуды бітірген соң тағайындалатын штаттық лауазымдар бойынша атақтарға сәйкес болған жағдайда - оқу орнын, адъюнктураны,

докторантураны бітірген бойда беріледі.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 ( ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Бір қызметтен (бөлімшеден), жеке құрамы үшін өзге арнаулы атақтар белгіленген, басқа қызметке (бөлімшеге) ауыстырылған қызметкерлерге мұндай атақтар осы Ереженің 44-тармағында көзделген тәртіппен беріледі. Бұл ретте жаңа арнаулы атақ қызметкерде бар арнаулы атақтан төмен болмауы тиіс.

51. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұратын азаматқа, оны Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары басшы құрамының лауазымына тағайындағаннан кейін, онда бар әскери атаққа сәйкес арнаулы атақ б е р і л е д і .

Запастағы офицерлерді орта, аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына тағайындау кезінде оларға, егер лауазымға тағайындау күніне олар міндетті әскери қызметті өткеру және запаста болу кезеңінде өздеріне берілген әскери атақтарда белгіленген мерзімдерді өткерген болса, алғашқы арнаулы атақ олардың әскери атақтарынан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

52. Басшы құрамның кезекті арнаулы атағы (полиция полковнигіне дейін қоса алғанда), қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін көтермелеу ретінде бұған дейінгі атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін немесе атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары берілуі м ү м к і н .

Арнаулы атақтар мерзімінен бұрын арнаулы атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімдерінің кемінде жартысы өткенде беріледі.

Штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары к е з е к т і а р н а у л ы а т а қ :

арнаулы атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткен соң - ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар әрі оқу орнында штаттық лауазым атқаратын басшы құрамның адамдарына, оның алдындағы арнаулы атақта еңбек сіңірудің кемінде белгіленген екі мерзімі өткен соң - басшы құрамның басқа да с а н а т т а р ы н а б е р і л е д і .

Арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын не штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары беру ішкі істер органдарындағы қызметінің барлық кезеңі үшін бір рет жүргізіледі.

Бұл ретте кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындау құқығы берілген бастықтар, ал орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарын - Министр береді.

**Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

53. Арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзімі сол атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

Арнаулы атақ беруді заңсыз кешіктірілген жағдайда арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзімі, оның алдындағы арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзімі аяқталған сәттен бастап есептеледі.

Орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған, қатардағы және кіші басшы құрамның атағы бар қызметкерлер, орта басшы құрамның арнаулы атағын беруге, бар атағында еңбек сіңірген мерзіміне қарамастан ұсынылады.

54. Ішкі істердің тиісті органының қарамағындағы немесе тәртіптік жазасы бар, сондай-ақ оларға қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе қызметтік тәртіпті бұзу фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан қызметкерлерді лауазымға тағайындалғанға, тәртіптік жазасы алынғанға, қылмыстық іс ақтайтын негіздер бойынша қысқартылғанға дейін немесе қызметтік тексеру аяқталғанға дейін кезекті арнаулы атақтар беруге ұсыну жүргізілмейді.

Тәртіптік жаза қолданудың заңсыздығы туралы шешім қабылданған немесе қылмыстық іс ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған жағдайда, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға кезекті арнаулы атақтар, кезекті арнаулы атақ атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша атаққа сәйкес болған кезде, оны берудің мерзімі басталған сәттен бастап беріледі.

**Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

55. Қызметкерлер соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі бойынша арнаулы атағынан айырылуы мүмкін:

кіші басшы құрамды - кіші басшы құрамның арнаулы атағын беру құқығы берілген бастықтар;

орта және аға басшы құрамды - Министр;  
жоғары басшы құрамды - қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес.

56. Арнаулы атағынан заңсыз айырылған жағдайларда, сот органдарының қаулыларына сәйкес бұрынғы атағын қалпына келтіру туралы шешімді арнаулы атағынан айыру туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар қабылдайды.

Арнаулы атағынан заңсыз айырылған кезең қалпына келтірілген арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзіміне кіреді. Арнаулы атағынан заңсыз айырылған адамдарға материалдық зиян толық көлемде өтеледі.

#### **IV. Лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарылату**

58. Қатардағы, кіші, орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар атқаратын лауазымдар мен осы лауазымдарға сай келетін арнаулы атақтарды

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік тізбелерге сәйкес, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілейді.

59. Лауазымға тағайындауды, қызмет бабында ауыстыруды және жоғарылатуды тікелей бастықтар өздеріне берілген құқықтарға және Министр бекітетін лауазымдар санаттары бойынша үлгі біліктілік талаптарына сәйкес жүргізеді. Бұл ретте мынадай шарттар сақталады:

а) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды лауазымға тағайындау және қызмет бабында ауыстыру кезінде оларды негізгі немесе тектес мамандығы бойынша немесе тәжірибесіне сәйкес пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс, ал олар үшін жаңа мамандық бойынша лауазымдарда пайдалану қажет болған жағдайда, тағайындар алдында, олар тиісті курстарда (жиындарда) қайта даярлаудан өтуі тиіс;

б) бос тұрған лауазымның міндетін уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі екі айдан, ал бос емес лауазым бойынша - төрт айдан аспауы тиіс;

в) ұйымдық-штаттық шараларды жүргізу кезінде басшы құрамдағы адамдар 15 күннен аспайтын мерзімге ішкі істер органдарының қарамағына алынады.

Айрықша жағдаяттардан туындайтын кейбір ерекше кездерде 15 күннен жоғары, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің рұқсатымен жіберіледі.

Осы Ережеде белгіленген қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың демалыстарда болуы, емдеу мекемелерінде (әскери-дәрігерлік комиссияның жолдамасы бойынша дәрігерлік тексеруде) емделуі бұрынғы қызмет атқарған жерінен тиісті ішкі істер органы орналасқан жерге дейін жол жүріп барған уақыты; кәсіби жоғары және орта оқу орындарының сырттай, кешкі бөлімдерінің оқу-емтихандық сессияларында болу уақыты; қылмыстық іс тоқтатылған немесе ақтау үкімі шығарылған жағдайларда тұтқындалған күнінен бастап босатылған күнін қоса қылмыстық жауапкершілікке тартылуға байланысты тұтқында болған уақыты билік қарамағында болу мерзіміне есептелмейді;

Кезекті демалысын пайдаланбаған, атқарып отырған қызметтерінен босатылған және оның қарамағындағы қызметкерлерге оларды қызметте одан әрі пайдалану туралы мәселені шешу кешіктірілген жағдайларда, әдетте, пайдаланылмаған демалысы беріледі. Оларға кезекті демалыс уақыты үшін

ақшалай үлес қарамағында болу мерзіміне қарамастан, қарамағына қабылданған күнінен бастап негізгі лауазымы бойынша алатын мөлшерде төленеді.

г) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру, әдетте, оларды тиісті ішкі істер органының қарамағына алмай-ақ жүзеге асырылуы тиіс. Тиісті органның қарамағында тұрған адамдарды лауазымға тағайындау мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ лауазымнан босатқан күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі. Ішкі істер органының қарамағында тұрған аталған адамдарды қызметте пайдалану тәртібін министр белгілейді.

д) тікелей бастыққа бос тұрған лауазымды шұғыл қоса атқару қажет болған жағдайда аудандық ішкі істер бөлімінің бастығынан оған тең және жоғары тұрған бастықтан бастап - осы лауазымға тағайындау құқына ие бастықтың келісімімен басшы құрам адамын бір айдан аспайтын мерзімге уақытша тағайындауға рұқсат етіледі;

е) орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды басқа лауазымдарға, сондай-ақ басқа елді мекенге шұғыл ауыстыру қажет болған кезде, бұл туралы шешімді, осы адамдардың даярлығы мен қызмет тәжірибесін, сондай-ақ оларда және олардың отбасы мүшелерінде медициналық қарсы көрсеткіштердің жоқтығын ескере отырып, олардың келісімі бойынша тиісті тікелей бастықтар қабылдайды.

ж) осы Ереженің 13-тармағымен белгіленген қызметте болудың шекті жасына жетпеген, әскери қызметке жарамды немесе бейбіт уақытта саптан тыс қызмет атқаруға жарамды деп танылған, бірақ өзінің денсаулығына немесе отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы бойынша қызмет орнын (тұрғылықты жерін) өзгертуді қажет ететін басшы құрамдағы адамдарды басқа мекенге қызмет бабында ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысының негізінде тиісті бастықтардың рұқсатымен жүргізіледі;

з) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды лауазымдарға тағайындау, қызмет бойынша, жедел еместен жедел лауазымдарға ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның дәрігерлік куәландыруының нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

Ескерту. 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

60. Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру :

а) жоғары лауазымдарға - қызмет бабында жоғарылату ретінде;

б) тең дәрежелі лауазымдарға - басқа лауазымдарға тағайындау қажет болған жағдайда немесе оларды іскерлік және жеке қасиеттерін ескере отырып неғұрлым орынды пайдалану, жаңа мамандыққа даярлау үшін, сондай-ақ отбасы жағдаяты, денсаулық жағдайы немесе жасы бойынша осы адамдардың келісімімен ;

в) ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарына оқуға түсуіне байланысты - атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқуын бітірген соң лауазымға тағайындалған кезде;

г) төменгі тұрған лауазымдарға :

штаттар қысқарған кезде немесе ішкі істер органын қайта құру кезінде - осы адамдарды дәрежесі тең лауазымға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда және олардың келісімімен ;

денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде және олардың келісімімен;

аттестациялаудың нәтижесі бойынша анықталған, қызметіне сәйкес келмеуі бойынша ;

тәртіптік жаза қолдану ретінде;

жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

61. Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру :

а) жоғары лауазымдарға - қызмет бабында жоғарылату ретінде;

б) тең дәрежелі лауазымдарға - ұйымдық-штаттық шаралардың жүргізілуіне байланысты және жұмыс тәжірибесін ескере отырып, мамандығы бойынша неғұрлым орынды пайдалану үшін, сондай-ақ олардың тікелей және төте бастықтарының келісімімен жеке өтініші бойынша;

в) ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарына оқуға түсуіне байланысты - атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқуын бітірген соң лауазымға тағайындаған кезде;

г) мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдарға іссапарға жіберу ретінде;



д) төменгі тұрған лауазымдарға:

штатты қысқарту немесе ішкі істер органдарын қайта құру кезінде - осы адамдарды дәрежесі тең лауазымда пайдалану мүмкін болмаған жағдайда және олардың келісімімен;

денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде;

қызмет мүддесінде - өздерінің келісімімен;  
жеке өтініші бойынша;

аттестациялық тәртіппен, қызметіне сәйкес келмеуі бойынша;  
тәртіптік жаза қолдану ретінде жүргізіледі.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарындағы басшылық және арнайы пәндер бойынша педагогтық жұмысқа тағайындалған жағдайда, олардың оқу орнына тағайындалғанға дейінгі атқарған негізгі (уақытша атқармаған) лауазымдық жалақысы, сақталады. Әрбір нақты жағдайда лауазымға тағайындалғанға дейін, оқу орны басшылығының ұсынысымен, Ішкі істер министрлігі кадр аппаратының қорытындысы бойынша, лауазымдық жалақыны сақтау туралы шешімді министр қабылдайды.

Сақталынған лауазымдық жалақыны төлеу төменгі лауазымдық қызметке төмендетілгенде тоқтатылады.

Төмен тұрған лауазымдарға ауыстырылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар осы Ереженің 63-тармағындағы талаптарын ескере отырып, кейіннен қызмет бабында жоғарылай алады.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамды қызмет бабында ауыстыру туралы шешім ауыстыру негізі көрсетіле отырып, жеке құрам бойынша бұйрықпен ресімделеді.

Ескерту. 61-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287, 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

62. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында жоғарылату, тәртіп бойынша басшы кадрлар резервінде тұрған қызметкерлер қатарынан олардың іскерлік және жеке қасиеттері, денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі.

Басшы кадрлар резервіне қабылданған басшы құрамдағы адамдардың кәсіптік даярлықты жетілдіру жөніндегі жұмысы Министр белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 62-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

63. Қызмет бабында ауыстырылған орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар істі және лауазымын тапсырғаннан кейін, қызмет бабында ауыстыру туралы бұйрықты немесе жазбаша хабарламаны ішкі істер органы алған күннен бастап аталған адамдар кезекті демалыста немесе емделуде жүрген жағдайларды қоспағанда, бір айлық мерзімінен кешіктірілмей, жаңа қызмет орнына іссапарға жіберілуге тиіс.

64. Өзіне қарсы қылмысты іс қозғалған және қамауда ұстау түрінде алдын алу шарасы қолданылмаған қатардағы және басшы құрамдағы адам осы қылмыстық іс бойынша сот шешімі қабылданғанға дейін қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіпте, тергеу жүргізу кезеңінде лауазымдық міндетін атқарудан шеттетіледі. Лауазымынан шеттетілген уақыты үшін оған ақшалай үлес төленеді.

Қылмыс жасағаны үшін сотталуына байланысты ішкі істер органдарынан босатылған, ал кейіннен ақтап шығарылған және тиісінше лауазымы мен арнаулы атағы қайтарылған қызметкерлерге қызметте амалсыздан болмаған уақыт үшін ақшалай үлес қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен өтеледі.

**Ескерту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

## **V . А т т е с т а ц и я л а у**

65. Ішкі істер органдарының қызметкерлерін аттестациялау - олардың кәсіби даярлығының, құқықтық мәдениетінің деңгейін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін анықтау бойынша кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын рәсім.

Аттестациялау кезінде қызметкерлердің оларға жүктелген міндеттерді орындау қабілеті негізгі бағалау өлшемі болып табылады.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

66. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестациялаудан бұрын (ұйымдық және тәрбиелік шаралар, аттестацияланатын адаммен жеке әңгіме өткізу т.б.) дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс.

67. Қызметкерлер құқық қорғау органдары жүйесінде үздіксіз қызметте болған әрбір кейінгі үш жыл сайын аттестациядан өтеді. Бұл ретте аттестация көрсетілген мерзім болған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей өткізілуі тиіс.

Егер аттестацияланатын қызметкерлер жаңа лауазымға тағайындалған жағдайда, олар тағайындалғаннан кейін бір жылдан соң аттестациядан өтеді. Тең дәрежелі лауазымға тағайындалған кезде, егер ол функционалдық міндеттерінің өзгеруіне әкеп соқпаса, бұл мерзім есепке алынбайды.

Егер қызметкердің құқық қорғау органдары жүйесіндегі қызметтен босатылған күнінен бастап және оны ішкі істер органдарына қызметке қабылдаған күнге дейін үш айдан артық уақыт өтпесе, онда көрсетілген кезең үшін өзге заңды (мемлекеттік органдарды қоспағанда) және жеке тұлғалармен еңбек қатынасы болмаған жағдайда ішкі істер органдарында қызметте болған уақыты үздіксіз деп есептеледі.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

68. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен).

69. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен).

70. Министр мен оның орынбасарлары заңдарға сәйкес аттестациялауға ж а т п а й д ы .

Қызметкерлер қатарындағы әйелдер жүкті немесе бала күтімі бойынша демалысы кезеңінде аттестациялауға жатпайды. Олар қызметке шыққаннан кейін кемінде алты айдан соң және бір жылдан кешіктірмей аттестациялануы тиіс.

Ескерту. 70-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

71. Аттестациялау комиссияларын кадрлар аппаратының ұсынысы бойынша ішкі істер органдарының басшылары құрады.

72. Аттестациялау комиссиясының шешімі қызметкерге мерзімінен бұрын арнайы атақ беру, қызметкерді жоғары тұрған лауазымға тағайындау үшін кадр резервіне қабылдау, қызметкердің лауазымын төмендету немесе босату үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Аттестация жүргізу, оның қорытындыларын жүзеге асыру, сондай-ақ аттестациялау кезіндегі бұзушылықтарға берілген шағымдарды қарау тәртібі мен шарттарын министр белгілейді.

## VI. Демалыстар

74. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына:

а ) к е з е к т і ;

б ) қ ы с қ а м е р з і м д і ;

в) сырқаттануы бойынша;

г) оқуына байланысты;

д) қосымша (зиянды жағдайда міндеттерін орындағаны үшін немесе қызметінің айрықша сипаты үшін);

е) жүктілігі мен босануына байланысты берілетін демалыстар, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге), үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстар;

ж) шығармашылық демалыстар беріледі.

**Ескерту. 74-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287, 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.**

75. Демалыстардың ұзақтығы тәулікпен есептеледі. Демалыстардың ұзақтығын анықтау кезінде заңмен демалыс күндері болып белгіленген жалпы мемлекеттік мереке күндері есепке алынбайды.

Демалыс ұзақтығын анықтау кезінде, қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының шегінде демалыс орнына баруы мен қайту жолына кететін уақыты есепке алынбайды.

**Ескерту. 75-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

76. Ақылы шығармашылық демалыстар күндізгі адъюнктурада оқып жүргендерді немесе докторантурада дайындықтан өтіп жатқандарды қоспағанда, диссертациялық жұмыстарды аяқтау, оқулықтар жазу үшін және Министр белгілеген тәртіппен басқа да жағдайларда беріледі.

**Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

77. Демалыс күндері заңмен белгіленген тәртіпте жұмыс күні деп жарияланған кезде, бұл күндер кезекті демалысқа қосылады.

78. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға берілетін кезекті демалыстың ұзақтығы 30 тәулік.

79. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қосымша ақылы демалыс Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің желісі бойынша зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін еңбек сіңірген жылдарына қарай (күнтізбемен есептегенде) :

а) он жылдан артық еңбек сіңіргендерге - ұзақтығы 5 тәулік;

б) он бес жылдан артық еңбек сіңіргендерге - ұзақтығы 10 тәулік;

в) жиырма жылдан артық еңбек сіңіргендерге - ұзақтығы 15 тәулік мерзімге беріледі.

80. Биік таулы мекендерде (1500 м биіктікте және одан жоғары), тізбесін Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтайтын климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет атқаратын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, еңбек сіңірген жылдарына қарамастан ұзақтығы 45 тәулік кезекті демалыс беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен экологиялық апат аймағы деп жарияланған аймақтарда, туберкулез мекемелерінде, бөлімшелерінде (учаскелерінде), сондай-ақ ВИЧ инфекциясын жұқтырғандар мен СПИД-пен ауыратындарды ұстауға арналған мекемелерде, бөлімшелерде (учаскелерде) қызмет атқаратын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ұзақтығы мен беру тәртібі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айқындалатын жыл сайын қосымша демалыс алуға құқылы.

**Ескерту. 80-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

81. Кезекті демалыс күнтізбелік жылдың ішінде демалыстар кестесіне сәйкес берілуі тиіс.

Кезекті демалыс кезінде сырқаттанып қалған қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың демалысы олардың емделуде болған күннің санына ұзартылады.

Ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарына оқуға жіберілген қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, кезекті демалысы оқу орнына кеткенге дейін беріледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органына қызметке кірген жылындағы кезекті демалысының ұзақтығы, олардың қызметке кірген күнінен бастап жылдың соңына дейінгі қызмет өткерген уақытына пропорционалды түрде, қызмет өткерген әрбір толық айы демалысының 1/12 бөлігі болып есептеледі. Бұл ретте ұзақтығы 10 тәулік және одан көп демалыс алуға құқылы қатардағы және басшы құрамдағы және басшы құрамдағы адамдарға жол жүруіне демалыстан тыс уақыт беріледі. Ұзақтығы 10 тәулікке жетпейтін кезекті демалыс, аталған адамдарға өздерінің қалауы бойынша келесі жылы кезекті демалысымен бір мезгілде берілуі мүмкін.

**Ескерту. 81-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

82. Демалыс алуға құқығы бар қызметкерлер оны бөліп-бөліп пайдалана алады. Жол жүруге арналған уақытқа демалыстың бір куәлігіне ғана беріледі.

**Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

83. Басқа министрліктер мен ведомстволардың жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген бойда, ішкі істер органдарына қызметке қабылданған адамдарға ұзақтығы 30 тәулік демалыс беріледі.

84. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды жеткілікті негізсіз, кезекті демалыстан шақырып алуға тыйым салынады. Қызмет бабында аса қажет болған жағдайда тікелей бастықтың - облыстың, көліктегі, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің бастығы, оған тең және жоғары тұрған бастықтарға дейін - жазбаша бұйрығы негізінде, бұл адамдарды кезекті демалыстан шақырып алуға рұқсат етіледі. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі, әдетте, ағымдағы жылы немесе келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірілмей беріледі. Егер демалыстың пайдаланылмаған бөлігі 10 тәулік және одан көп болса, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға жол жүру үшін демалыстан тыс уақыт беріледі. Қатардағы және басшы құрамдағы адамның қалауы бойынша демалыстың пайдаланылмаған бөлігі келесі жылғы кезекті демалысына қосылуы мүмкін.

**Ескерту. 84-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.**

85. Жасының келуі, сырқаттануы, штаттың қысқаруы бойынша ішкі істер органдарынан босатылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға өздерінің қалауы бойынша сол жылы өздері нақты еңбек еткен уақыт мерзіміне кезекті демалыс беріледі немесе босатылатын жылы пайдаланбаған кезекті демалысы үшін сол жылы қызмет еткен уақытына, бірақ 45 тәуліктен аспайтын, пропорционалды ақшалай өтемақы төленеді.

Ішкі істер органдарынан босатылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға (осы тармақтың 1 бөлігінде аталған адамдардан басқа) босатылған жылы пайдаланылмаған кезекті демалысы үшін сол жылы қызмет атқарған уақытына пропорционалды түрде, бірақ 45 тәуліктен аспайтын уақытқа ақшалай өтемақы төленеді.

86. Қызметкерлерге қысқа мерзімді ақылы демалыс шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді, ең алдымен сырқаттануына, туысқандық борышын өтеуіне байланысты мәселелерді шешу үшін, сондай-ақ басқа да дәлелді себептер бойынша қызметкердің демалысты өткізетін жерге барып қайтатын жолының уақыты есепке алынбастан 10 тәулікке дейін беріледі.

Қысқа мерзімді демалыс кезекті демалыстың есебіне саналмайды.



Ескерту. 86-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.

87. Сырқаттануы бойынша демалыс қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысы негізінде беріледі.

Сырқаттануы бойынша демалыстың ұзақтығы ауруының сипатына қарай анықталады. Сырқаттануына және емдеу мекемелерінде емделуіне байланысты үздіксіз демалыста болу уақыты, қолданылып жүрген заңдармен жекелеген сырқаттар бойынша емделудің бұдан да ұзақ мерзімі көзделген жағдайлардан басқасында төрт айдан аспауы тиіс. Емдеу мекемесінің қорытындысы негізінде тікелей бастықтың - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және республика астанасының, көліктің ішкі істер департаментінің Ішкі істер министрлігі Академиясының, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының бастығынан, оған тең және жоғары тұрған бастықтың шешімімен бұл мерзім тағы да ұзартылуы мүмкін. Сырқаттануы және емделуі бойынша демалыста үздіксіз болудың белгіленген мерзімі өткен соң аталған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар өздерінің әрі қарай қызмет атқаруға жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссияның куәландырылуынан өтуге т и і с .

Қызмет бабындағы міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде жарақаттануына, контузия алуына немесе мертігуіне байланысты қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың емделу уақытына шек қойылмайды. Аталған адамдар медициналық куәландырылуға емделіп болған соң немесе сырқатының нәтижесі анықталған жағдайда жіберіледі.

Жиі және ұзақ ауыратын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, егер, әдетте, еңбекке жарамсыз болған күндерінің саны сол бір сырқат бойынша үзіліссіз 4 айға дейінгі (12 айда) немесе жыл ішінде әртүрлі сырқаттар бойынша 5 айға дейінгі кұрайтын болса, емдеу-профилактикалық мекемелерінің ұсыныстары бойынша ішкі істер органдарының кадр аппараттары, қызметті одан әрі өткеруге жарамдылығын анықтау үшін, әскери-дәрігерлік комиссияға медициналық куәландыруға жібереді.

Сырқаттануы бойынша берілген демалыс кезекті демалыстың есебіне саналмайды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінің емдеу мекемесінің жолдамасы бойынша емделу орнына бару және қайту жолы ішкі істер органдарының қаржысы есебінен төленеді.



Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызметтен босатқан кезде сырқаттануы бойынша демалыс берілмейді.

Ескерту. 87-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

88. Ішкі істер органдары жүйесі оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқып жатқан қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға мынадай демалыстар беріледі.

а) ұзақтығы 14 тәуліктік - қысқы каникулдық демалыс;

б) ұзақтығы 30 тәуліктік - жазғы каникулдық демалыс;

в) оқу орнын бітіруіне байланысты - ұзақтығы 30 тәуліктік.

Ішкі істер органдары жүйесіндегі оқу орындарының сабақтарын тапсыра алмаған курсанттары мен тыңдаушыларына сабақтарын тапсырғаннан кейін оқу бағдарламаларында белгіленген демалыстарды өткізу мерзімі шегінде каникулдық демалыстары беріледі.

Осы Ереженің 80 және 89-тармақтарымен көзделген қосымша демалыстар тыңдаушылар мен курсанттарға берілмейді.

Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына күндізгі және сырттай оқу нысаны бойынша түсетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қабылдау емтихандарына дайындалу және тапсыру үшін ақшалай ұстау сақталатын, ал басқа оқу орындарына түсетіндерге қабылдау емтихандарын тапсыру үшін ақшалай ұстау сақталмайтын оқу демалысы беріледі.

Ішкі істер министрлігі жүйесінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарында сырттай оқу нысаны бойынша оқитын қызметкерлерге емтихан тапсыру кезеңіне ұзақтығы емтихандық сессиясының ұзақтығына тең, бірақ бір жылдың ішінде қырық күннен аспайтын оқу демалыстары беріледі, бұл ретте шет елдердің құқық қорғау (полицейлік) органдарының оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын тыңдаушылар (курсанттар) мен сырттай оқу нысаны бойынша Ішкі істер министрлігінің немесе басқа мемлекеттің жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сондай-ақ біліктілігін арттыру және мамандар даярлау курстарында оқитын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға оқу орнына теміржол көлігімен баруға және қайтуға арналған шығыстары өтеледі. Біліктілігін арттыру және мамандар даярлау курстарында оқитын қызметкерлерге қызметтік іссапарлар үшін белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша оқуда болған әр күні үшін тәуліктік төленеді және тұрғын жай жалдау жөніндегі шығыстары өтеледі.

Өзге оқу орындарында сырттай (кешкі) оқу нысаны бойынша оқитын қызметкерлерге еңбекақы төлеу оқу орнына бару, демалыстар беру мәселелері "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен реттеледі.

Адьюнктураға түсетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қабылдау емтихандарына дайындалу және тапсыру үшін ұзақтығы 30 тәулік, ал азаматтық жоғары оқу орындарына түсетіндерге қабылдау емтихандарын тапсыру үшін ұзақтығы 15 тәулікке дейін еңбекақысы сақталмайтын оқу демалысы беріледі.

Ескерту. 88-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

89. Қосымша демалыстар және жүктілігі мен босануына байланысты берілетін демалыстар, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін демалыстар, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстар қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға кезекті демалыстан тыс беріледі.

Қызметінің айрықша сипатына байланысты қосымша демалыс 10 тәулікке дейін беріледі, ішкі істер органдары қызметкерінің қалауы бойынша кезекті демалысқа қосылып және онымен бір мезгілде немесе жеке берілуі мүмкін, бұл ретте кезектегі және қосымша демалыстың жалпы үздіксіз ұзақтығы күнтізбелік 55 күннен аспауы тиіс.

Зиянды жағдайда міндеттерін орындағаны және қызметінің айрықша сипаты үшін бір уақытта қосымша демалыс алуға құқылы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қосымша демалыс олардың таңдауы бойынша тек бір негіз бойынша ғана беріледі.

Жүктілігі мен босануына байланысты берілетін демалыстарды, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін демалыстарды, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстарды беру және оған ақы төлеу шарттары, оның ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған тәртіпте белгіленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне демалыс өткізу орнына бару және қайту жолына берілген уақытын қоса алғанда, кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстар, сырқаттануына, жүктілігі мен босануына байланысты демалыстар кезінде ақшалай үлес олардың атқарып отырған лауазымы бойынша демалысқа шыққан күні алған мөлшерде төленеді.

Ескерту. 89-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

## VII. Қызметтен босату

90. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен:

а) егер босатылушылар, тиісті әскери атақтары бар және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды адамдардың запаста болуы үшін "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңмен белгіленген шектеулі жасқа жетпесе - запасқа (әскери есепке қойыла отырып);

б) егер босатылушылар, тиісті әскери атақтары бар немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп таныған адамдардың запаста болуы үшін "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген шектеулі жасқа жеткен болса әскери есептен шығара отырып ж і б е р і л е д і .

Ескерту. 90-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

91. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар:

а) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша;

б) жасы бойынша - осы Ереженің 13-тармағымен өздері үшін белгіленген қызметте болудың шекті жасына жеткендер;

в) денсаулық жағдайы бойынша - әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы ( қ а у л ы с ы ) н е г і з і н д е ;

г) штаттың қысқаруына немесе ішкі істер органдарының қайта ұйымдастырылуына байланысты басқа лауазымда пайдалану мүмкіндігі б о л м а ғ а н ж а ғ д а й д а ;

д) еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты одан әрі қызмет өткеруден б а с т а р т қ а н ж а ғ д а й д а ;

е) келісім-шартты бұзуға не келісім-шарт мерзімінің аяқталуына байланысты;

ж) өз қалауы бойынша;

з) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) жұмысқа а у ы с у ы н а б а й л а н ы с т ы ;

и) сынақ мерзімінің ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

к) әскери қызмет тәртібін өрескел бұзғаны үшін;

л) аттестацияның қорытындысы бойынша анықталған қызметке сай келмеуі б о й ы н ш а ;

м) ішкі істер органдарының қызметкері атағына кір келтіретін теріс қылық ж а с а ғ а н ы ү ш і н ;

н) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты;

о) заңды күшіне енген соттың айыптау үкімінің шығуына байланысты;

п) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты қызметтен запасқа шығарылады.

Қызметтен босатылатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің оқу орындарынан шығарылған курсанттар мен тыңдаушылар қызметтік куәлікті, нысанды және арнайы киім-кешекті т а п с ы р а д ы .

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 ( ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

92. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

93. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94. Қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты емес, бірақ азаматтардың алдында мемлекеттік қызметтің абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер, атап айтқанда: ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамдық орындарда мас күйінде (айналасындағыларға айқын көрінетіндей) болуы; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылық жасағаны үшін; қызметтік міндеттерін орындауға байланысты ішкі істер органдарының қызметкеріне белгілі болған мемлекеттік, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді

жария ету; тергеудегі, сотталған адамдармен рұқсат етілмеген байланыстар жасау; тергеуге зиян келтіретін жедел сипаттағы ақпаратты жария ету; заңсыз әрекеттер жасаған азаматтарға жәрдемдесу; қызмет бабын жеке пайдакүнемдік ниетпен пайдалану; қызметкерлердің, оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарының арасында теріс қоғамдық резонанс тудырған жарғыдан тыс қарым-қатынастар жасау; кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен айналысу, оның ішінде коммерциялық делдалдық жасау, сондай-ақ қызмет бабын пайдалана отырып жұмыс жасау және қызметтер көрсету іс-әрекеттер жасаған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар осы Ереженің 91-тармағының и) тармақшасына сәйкес ішкі істер органдарының беделіне дақ түсіретін қылықтар жасағаны үшін қызметтен босатылады.

Санамаланған негіздер бойынша босатылған адамдар ішкі істер органдарындағы қызметке қайта қабылданбайды.

**Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

95. Зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша, өзінің қалауымен қызметтен босайтын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар жоспарлап отырған кететін күнінен кемінде бір ай бұрын өзі қабылдаған шешім туралы ішкі істер органының тікелей бастығына ескертіп, ол туралы команда бойынша  
р а п о р т б е р е д і .

Осы Ереженің 92-тармағының "а", "б", "в", "г" тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша қызметтен босатылатын адамдар бұл туралы, әдетте, босатылардан кемінде бір ай бұрын хабардар етіледі.

**Ескерту. 95-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287, 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

96. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызметтен босатуды осы лауазымдарға қызметкерлерді қабылдауға және тағайындауға құқық берілген  
лауазымды адамдар жүргізеді.

**Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

97. (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9 8 . < \* >

**Ескерту. 98-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

99. Ішкі істер органдарынан босатылған, қайтыс болған, қаза тапқан, хабарсыз жоқ болып кеткен немесе хабар-ошарсыз кеткен қатардағы және басшы құрамдағы адамдар министр белгілеген тәртіпте ішкі істер органдарының кадрларынан шығарылады.

100. Ішкі істер органдарынан босатылғаннан кейін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды жергілікті әскери басқару органдары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген тәртіпте әскери есепке қояды.

**Ескерту. 100-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

### **VIII. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың жекелеген санаттарының қызмет өткеру ерекшеліктері**

101. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға қызметке жіберіле алады.

Іссапарға жіберілген ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары орнын баса алатын республиканың мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдарындағы лауазымдардың тізбесін, іссапарға жіберу тәртібін, көрсетілген санаттағы адамдардың қызмет өткеру ерекшеліктерін, оларға арнаулы атақтар беруді, оларды аттестациялауды, қызметтен босатуды, еңбекақы төлеу шарттарын, киім-кешекпен және басқа үлес түрлерімен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**Ескерту. 101-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 қаулысымен.**

101-1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері ішкі істер органдарының алдына қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында ішкі істер органдарының кадрларында қалдырыла отырып, Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық ұйымдарға (бұдан әрі - халықаралық ұйымдар) қызметке жіберілуі мүмкін.

**Ескерту. Ереже 101-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.02 N 873 Қаулысымен.**

101-2. Егер ратификацияланған тиісті халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, ішкі істер органдарының қызметкерлерін халықаралық ұйымдарға қызметке жіберу Қазақстан Республикасының Үкіметі актісінің негізінде жүзеге асырылады.

Қызметке жіберілген адамдардың ішкі істер органдарының қызметкерлері мәртебесі сақталады.

Егер ратификацияланған тиісті халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қызметке жіберілген адамдарға арнаулы атақтар беру осы Ережеге сәйкес жүзеге



а с ы р ы л а д ы .

Халықаралық ұйымдарға қызметке жіберілген адамдарды аттестаттау осы Ережеде ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту. Ереже 101-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.02 N 873 Қаулысымен.**

101-3. Егер ратификацияланған тиісті халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, халықаралық ұйымдарға қызметке жіберілген адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаражат есебінен халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген жалақы төленеді.

Өзге де төлемдер, сондай-ақ қызметке жіберілген адамдарды заттай мүлікпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте бір жолғы сипаттағы төлемдер бойынша қызметке жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық жалақылары есепке алынады.

Қызметке жіберілген адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. Ереже 101-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.02 N 873 Қаулысымен.**

102. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайларда олардың жасына қарамастан, бірақ 50 жастан аспаған, бұрын ішкі істер органдарының кадрында болмаған мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдардың, прокуратураның, әділет органдарының мамандарын, жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарына тағайындау үшін жібере алады, бұл ретте олардың еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме төлеу мен зейнетақы тағайындау үшін мамандығы бойынша бұрынғы жұмыс стажы, соның ішінде аспирантура мен докторантурада оқыған уақыты белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарындағы қызмет стажына есептеледі. Бұл адамдарға арнаулы атақтар осы Ережемен көзделген тәртіпте беріледі.

103. Қазақстан Республикасының депутаттары болып сайланған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ішкі істер органдары қызметінен босатылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттіктері аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарына қайта қабылдануы мүмкін. Бұл ретте олардың депутаттық өкілеттіктерін атқарған кезеңі еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме төлеу, кезекті арнаулы атақ беру және зейнетақы тағайындау үшін (ішкі істер органдарынан зейнетақысын ресімдеп, депутат болып сайлануына байланысты босаған адамдардан басқа) ішкі істер органдарындағы қызмет стажына есептеледі.



104. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Ішкі істер министрінің бұйрығымен, ішкі істер органдары жеке құрамының тізімдерінен шығарыла отырып, одан әрі қызмет атқару үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің осындай құрылымдары мен құқық қорғау органдарына (халықаралық шарттардың негізінде) қызметке жіберілуі мүмкін. Қызметке жіберу ішкі істер органы қызметкерінің рапорты бойынша тиісті мемлекеттік органдардың келісімімен жеке түрде жүргізіледі.

Жоғарыда аталған ведомстволардың қызметкерлері ішкі істер органдарына қызметке ауысып, қатардағы және басшы құрамының тиісті лауазымдарына тағайындалған соң, олардың әскери және арнаулы атақтары Ішкі істер министрлігінің арнаулы атақтарына теңестіріледі, әскери қызметіндегі немесе еңбек қызметіндегі үзіліске қарамастан оларға әскери және арнаулы атақтар беру, ескерілген лауазымдарда қызмет істеген уақыттары есепке алына отырып, ішкі істер органдарында еңбек сіңірген жылдарына саналады.

**Ескерту. 104-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1287 , 2005.11.03. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.**

#### **IX. Қызмет тәртібі**

**Ескерту. 9-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.21. N 1093 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

105. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының тәртібі олардың заңдылық, дара басшылық қағидаттарын қатаң сақтауына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, антты, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын орындауына негізделеді.

106. Қызмет бабында бір-біріне тікелей бағынысты болмайтын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар нақты тапсырмаларды орындау кезінде аға немесе кіші қызметкерлер болуы мүмкін.

107. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар бір-бірімен, әскери қызметшілермен кездескен кезде және өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларында белгіленген тәртіппен және ережелер бойынша сәлем береді.

108. Бастықтың бұйрығы бұлжытпай, нақты және мерзімінде орындалады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері, егер олардың іс-әрекеттері заңнамаға сәйкес жүзеге асырылған болса, арнайы құралдар мен әдістерді, қару-жаракты қолдану кезінде келтірілген зиян үшін жауапкершілікке тартылмайды.

109. Қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы, қайсарлығы және мемлекет алдындағы басқа да сіңірген еңбегі үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

110. Көтермелеулер мен тәртіптік жазаларды бастықтар өздеріне берілген құқықтар шегінде қолданады.

111. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне теріс қылықтары анықталған күнінен бастап бір айдан және теріс қылықтар жасаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей тәртіптік жаза қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылық жасағаны үшін теріс қылық жасағаны анықталған күнінен бастап үш айдан және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей тәртіптік жаза қолданылады.

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, бірақ қызметкердің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болған жағдайда тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірмей қолданылуы мүмкін.

Жаза қолданар алдында қатардағы және басшы құрамдағы адамнан түсініктеме алынуы тиіс.

Қызметкердің түсініктеме беруден бас тартуы жаза қолдану үшін кедергі болып табылмайды. Мұндай бас тарту оған қатысқан куәгерлерді көрсете отырып, актімен ресімделеді.

Кінәлі адамдарды анықтау, қызметкердің теріс қылық не өзге де құқық бұзушылық жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды айқындау мақсатында, әдетте, ішкі істер органы басшысының нұсқауы бойынша тағайындалатын қызметтік тексеріс жүргізіледі.

Қызметтік тексерістер қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оның ішінде:

Ішкі істер министрлігі басшылығының, комитеттердің, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы оқу орындары мен ұйымдардың нұсқауы ( т а п с ы р м а - ж о с п а р ) ;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің баянаттары мен басқа құқық қорғау және сот органдары қызметкерлерінің хабарламалары негізінде жүргізіледі.

Қызметке толық сай еместігі туралы ескерту, атқарып отырған лауазымынан босату және атқарып отырған лауазымынан алу түріндегі жазалар жүргізілген қызметтік тексерістің нәтижелері және тәртіптік комиссияның тиісті қорытындылары не ішкі істер органдарының қызметін тексеруді қарау қорытындылары бойынша Ішкі істер министрлігі алқасының немесе жедел кеңестің шешіміне сәйкес қолданылады.

Ішкі істер министрлігінің алқасында немесе жедел кеңесте ішкі істер органдарының қызметін тексеру нәтижелері бойынша қызметкерлерді өзге де тәртіптік жауапқа тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

**Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.02. N 1034 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

112. Қатардағы және басшы құрамдағы адамға бұйрықпен қолданылған тәртіптік жаза ол қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін, егер осы кезеңде ол басқа тәртіптік жазаға тартылмаған болса, ол алып тасталған деп саналады.

113. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың өздеріне қатысты қабылданып отырған шешімдер мен іс-әрекеттер бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жоғары лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.